

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК 2023 жылғы 1 жартыжылдық қызметтері туралы есебі

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі – РҚББОӘО) қызметінің мақсаты: балаларды қосымша біліммен қамту жөніндегі нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін педагогтердің құзыреттілігін арттырудағы, БҚББҰ қызметінің сапасын жақсартудағы әртүрлі тәсілдер арқылы балаларға қосымша білім беру жүйесін жетілдіру.

Тапсырмалар:

- 1) балаларға қосымша білім беруді бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету;
- 2) балаларға арналған республикалық іс-шараларды (байқаулар, жарыстар, фестивальдер және т.б.) өткізу;
- 3) педагогтердің біліктілігін арттыру. Педагогтар мен БҚББ ұйымдарының үздік жұмыс тәжірибесін жинақтау және тарату.

1. ҚР ОАМ РҚББОӘО-да өткізілді:

1) ҚР ОАМ БҚКК тапсырысымен «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында **3 іс-шара** өткізілді. Барлығы **3 451** қатысушы қамтылып, оның **1398-і** жеңімпаз атанды (*ҚР ОАМ БҚКК мен ҚР ОАМ РҚББОӘО арасындағы №1, 17.01.2023 ж. келісім шарт (1-қосымша).*

2) ОАМ-нің мемлекеттік тапсырмасы бойынша (ҚР ОАМ мен ҚР ОАМ РҚББОӘО арасындағы №5 - /МЗ 28.02.2023 ж. келісім-шарт) қашықтық форматында **1 676** мектеп қамтылған **7 іс-шара** өткізілді. (өңірлік кезеңдерге **300** мыңға жуық оқушы қатысты) **(2-қосымша).**

3) бюджеттен тыс балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың бейіні бойынша педагогтер мен мамандар үшін «Бағдарламалау негіздері және робототехника» республикалық біліктілікті арттыру курсы **ұйымдастырылды және өткізілді.** Қамтылу-198 адам (3-қосымша).

4) 2022 жылғы 1102 курс тыңдаушыларына арналған курстан кейінгі сүйемелдеу шеңберіндегі **54 вебинар** өткізілді **(4-қосымша).**

5) 1893 оқушыны қамтыған «Туризм энциклопедиясы» республикалық қашықтан **байқауы**, жеңімпаздар – 875;

6) 100 адамды қамтитын «Ішекті тамшылар» офлайн форматындағы республикалық байқауы;

7) 2 000 қосымша білім беру педагогтеріне, дебат қозғалысының, өзін-өзі басқарудың үйлестірушілеріне курстар өткізілді.

2. ҚР ОАМ РҚББОӘО-да әзірленді:

1) Қазақстандағы 2023-2029 жылдарға арналған БҚББ дамытудың **тұжырымдамалық тәсілдерінің жобасы;**

2) балалар қоғамдық қозғалысын дамыту **бағдарламалары**: дебаттар және мектептегі өзін-өзі басқару, «Жас сарбаз», «Жас ұлан», «Жас қыран» т.б.;

3) «Орта білім беру ұйымдарындағы («Мектептің өзін-өзі басқаруы», «Жас қыран», «Жас Ұлан» жобалары) балалар қозғалысының қызметін ұйымдастыру және үйлестіру» **әдістемелік ұсыныстары**;

4) Наурыз мейрамын тойлауға арналған «КҮЙ КҮМБІРІ» республикалық домбырашылар челленджін өткізу тұжырымдамасы;

5) «Төрт тоқсан – Төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының тұжырымдамасы;

6) Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Балалық шақ әлемі қандай ғажап!» флешмобын өткізу тұжырымдамасы;

4) **Әрқайсысы 2 нөмірден** – балаларға арналған «Экоәлем» және «Темірқазық» танымдық журналдары, **1 нөмірден** – «Қосымша білім және тәрбие» республикалық журналы.

3. Мектеп парламенттері мен дебат клубтарының санына мониторинг жүргізілді.

01.07.2023 ж. республикада:

– 7460 дебат клубы (мектептерде – 6 751 және колледждерде - 709). Дебат клубтарына 153 791 оқушы тартылды (мектептердегі дебат клубтары – 131 225, колледждерде – 22 566).

1) дебат марафондары (қамтылуы – 1 500 оқушы);

2) дебат клубтарының тренерлеріне арналған 2 вебинар (184 адам қамтылды).

өңірлік деңгейде өткізілді:

Әкімдер кубогына 10 турнир (Абай, Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Ұлытау, Астана, Шымкент қалалары), мектеп оқушылары мен колледж студенттері, дебат клубтарының басшылары арасында 147 аудандық, қалалық, облыстық дебат турнирлері, білім алушылар мен дебат клубтарының басшыларына арналған 48 300 адамды қамтитын вебинарлар.

Өңірлерде (Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қостанай, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары, Астана, Алматы, Шымкент қалалары) дебат бойынша 11 жобалық кеңсе, штабтар жұмыс істейді.

01.07.2023 ж. республикада:

- 7276 парламент (МП - 6 602 және СП - 674). Өзін-өзі басқару қызметіне 615 275 білім алушы тартылды (МП - 540 921, СП-74 354).

Ұйымдастырылған және өткізілген:

1) оқушылар мен студент жастар арасындағы республикалық челлендждер:

- Алғыс айту күніне орай «Алтын жүрек» (қамтылуы – **523 мың адам**);

- домбырашылар челленджі «КҮЙ КҮМБІРІ» (қамтылуы – **740 022 адам**);

- флешмоб: «Әлем халықтарының билері» халықаралық би күніне арналған мектептер мен колледждердің парламент мүшелері арасында, қамтылуы - 42 000;

- «Калейдоскоп профессий» кәсіптік-бағдарлау челленджи, қамтылуы-625 100;

- Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында 2023 жылғы 29-30 мамырда Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен «Балалық шақ әлемі қандай ғажап» атты 2 күндік флешмоб өткізілді. Осы 2 күн ішінде республика мектептері мен колледждерінің студенттері ата-аналарымен бірге спорттық, шығармашылық флешмобтарға қатысты. Ағымдағы жылдың 29 мамырында мектеп спорт алаңдарында ұлттық «Тоғыз құмалақ», «Асық», «Орамал» және басқа да спорт түрлерінен (футбол, волейбол, жүгіру, теннис, шахмат) 700 мыңға жуық бала қатысты. Ағымдағы жылдың 30 мамырында «Әр түрлі ұлттардың балалары! Болашақ сіздің қолыңызда!» флешмоб өткізу барысында ата-аналарымен бірге тағы жүздеген мың балалар (1 288 772 адам) өз өнерлерін көрсетті.

2) 2 мастер-класс және өзін-өзі басқару үйлестірушілеріне арналған 1 тәжірибе алмасу семинары (300 адам);

Мектеп парламентінің мүшелері мен қалалық, аудандық мектептің өзін-өзі басқару үйлестірушілері үшін «Мектептегі қорқытуға жол жоқ! Өзін-өзі бақылау жолы», «Сенің құқығың – сенің жауапкершілігің», «Көшбасшы және оның командасы», «Көшбасшы. Табыс жолы» 2400 студент пен 213 үйлестірушіні қамтыған 20 вебинар;

3) өңірлік деңгейде мектеп және студенттер парламенттерінің қатысуымен өткізілді:

«Алғыс шын жүректен шығады», «Біздің заманымыздың батырлары», тақырыптық сағаттары, тренингтер, «Қазақ жеріне рахмет» фестивальдер, байқаулар, «Атам, әжем, әкем және анама рахмет!», «Бізде ризашылық білдіретін нәрсе бар» фотокөрмелері, «Мен алғыс айтамын» флешмобтары және т.б. (500 мыңнан астам оқушылар мен студенттерді қамтылды);

«Қазақ еліне мың алғыс» бір реттік челленджіне **6 мыңнан** астам мектеп пен колледж студенттері қатысты.

Форумдар, слеттер, байқаулар, қайырымдылық балдары, семинарлар, вебинарлар «Мен елімнің ертеңімін», «Ұландар-ұлылар ұрпағы», «Мектеп парламентінің болашағы», «Парламент үздіктері», «Кемел келешектің болашақ мамандары», «Жастар көсемі – 2023», «Үздік студенттік парламент-2023», «Мектеп парламентінің үздік президенті - 2023», т.б., қамтылуы - 15850 оқушы (Ақмола, Қарағанды, Түркістан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Алматы, Жетісу, Абай облыстары, Шымкент, Астана қалалары).

Мысал ретінде Қызылорда облысын келтіруге болады. «Есо Алем», «Қауіпсіз интернет», «Изложение», «Тыныс парламенті» тележобалары сияқты және т.б. жобалары жүзеге асырылуда.

4. ҚР ОАМ РҚББОӘО www.ziyatker.org сайтының ЖҰМЫСЫ:

күн сайын «Юные туристы, экологи и техники», «Ерлік», «Балалайф», «Вестник искусства», «Музыканты» клубтарының, «Дебатное движение» және

«Школьный/студенческий парламент» жобаларының контенті және жаңалықтар арнасы толықтырылып отырады.

245 материал орналастырылды:

82 – жаңалықтар арнасы;

32 - «Юные туристы, экологи и техники»;

32 - «Дебатное движение»

23 - «Балалайф»;

23 - «Музыканты»;

22 - «Вестник искусства»;

19 - «Школьный/студенческий парламент»

12 – «Ерлік».

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында сайттың бетін **39 749 адам қараған**.

Сайтқа 22 247 қолданушы кірген: Қазақстан – 21 265, Ресей – 511, АҚШ – 191, Қырғызстан – 68, Беларусь – 44, Германия – 29, Өзбекстан – 25, Түркия – 10, Чехия – 10, Нидерланды – 9 және т.б.

Сайтқа кірушілердің ең көп саны Алматы қаласы (3 539), Астана қаласы (2 446), Қарағанды (2 250), Қостанай (1 571), Павлодар (1 345), Шығыс Қазақстан (1 324), Жамбыл облыстары (1 184), Шымкент қаласы (1 169), БҚО (1 148).

Facebook, Telegram, Instagram әлеуметтік желілерінде және YouTube каналындағы ақпараттық жұмыстар.

ҚР ОАМ РҚББОӘО директоры Р.П. Шердің 71 посты мен 1 мақаласы жарияланды;

975 материал орналастырылды, оның ішінде:

- RUMCDO MON RK, QR Оқу-ағарту Министрлігі RQBBOÄO в Facebook парақшасында - **720** жарияланым:

- «BALALYK SHAK DOSY/EDU NEWS» Telegram-каналында **104** материал (315 жазылушы);

- Instagram rumcdo_official парақшасында **110** жарияланым (144 511 қаралым, 6 085 «ұнайды», 180 пікір);

- www.youtube.com РҚББОӘО каналында **41** бейнематериал (2 700 жазылушы, 800 қаралым).

5. Ынтымақтастық және РҚББОӘО міндеттерін іске асыру шеңберінде:

1) дебат қозғалысын, мектептегі өзін-өзі басқаруды дамыту, «Күй күмбірі» республикалық домбырашылар челленджін, «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасын және т.б. өткізу тұжырымдамаларын іске асыру, әлеуметтік желілер мен БАҚ-та жаз мезгіліндегі мектептен тыс ҚББҰ қызметін жариялау мәселелері бойынша білім басқармаларының мамандарымен **48 онлайн кеңес**;

2) **2023 жылғы 10-11 ақпанда** туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағыттағы балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске

асыратын ұйымдар басшыларының Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

Үйлестіру кеңесінің отырысында туристік соқпақтардың панорамалық турларын цифрландыру және дайындау, қала сыртындағы сауықтыру лагерлері жағдайында оқушылардың қолжетімді, сапалы, сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастырудағы интеграциялық тәсіл және т.б. мәселелері талқыланды.

3) **2023 жылғы 21-22 сәуірде** көркемдік-эстетикалық бағыттағы балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар басшыларының Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Үйлестіру кеңесінің отырысында цифрландыру мен ашықтық, қолжетімді, сапалы бастауыш кәсіптік білім беруді ұйымдастырудағы интеграциялық тәсіл, тез өзгеретін әлеуметтік және цифрлық кеңістікте мектеп оқушыларын нақты жұмыспен қамту мәселелерін талқылау бойынша сындарлы диалог өтті. Сапалы білім алу, қарым-қатынас пен тұлғалық өсу үшін эмпатикалық ортаны алу мақсатында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қосымша көркемдік білім берудің әртүрлі түрлеріне қатысуына ерекше көңіл бөлінді.

ЕСЕПКЕ ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша

1. Жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында ұлттық пікірсайыс турнирі (бұдан әрі – Турнир) күндізгі форматта өткізілді.

Турнирдің мақсаты: өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтығын қалыптастыру; оқушыларда жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, туған өлке мен елдің проблемаларын талқылауға және шешуге қатысу; республикада мектептегі пікірталас қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау.

Турнирдің республикалық кезеңіне дейін барлық өңірлерде қазақ, орыс және ағылшын лигаларында **53 мың дебатерлердің** қатысуымен ұлттық пікірсайыс турнирінің аудандық, қалалық, облыстық кезеңдері өткізілді. Облыстық кезеңнің нәтижелері бойынша республикалық кезеңге қатысу үшін үздік командалар іріктелді.

Турнирдің республикалық кезеңі 2023 жылғы 16-17 ақпанда Астана қаласы Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында күндізгі форматта өткізілді.

Турнирге облыстық және қалалық турнирлердің 120 жеңімпазы – барлық облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының мектептерінің оқушылары (қазақ, орыс, ағылшын лигаларында әрқайсысы 20 команда) қатысты.

Турнир бағдарламасында пікірталас раундтарын өткізу ғана емес, сонымен қатар танысу кешін, жақындастыруға арналған тренинг, турнир қатысушыларымен олардың әсерлері туралы блиц-сұхбат, Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайына экскурсия және т.б. өткізу көзделген.

Турнир «Американдық парламенттік формат (АПФ)» форматы бойынша өтті. Іріктеу кезеңі 4 раундтан тұрды. Іріктеу кезеңдерінің қорытындысы бойынша ширек финал, жартылай финал және турнир финалы өткізілді.

Өткізілген раундтардың қорытындысы бойынша турнирдің жеңімпаз командалары және турнирдің үздік спикерлері анықталды (спикерлер іріктеу раундтарында жинаған ұпайларына сәйкес анықталды).

Сондай-ақ, қазақ, орыс және ағылшын лигаларында «Үздік шешен», «Үздік талдаушы» номинациялары бойынша үздік қатысушылар анықталды. Турнир жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен, үздік спикерлер – дипломдармен және сыйлықтармен, команда жаттықтырушылары – алғыс хаттармен марапатталды.

II. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілері арасында «Қазақстан – менің алтын бесігім» республикалық балалар фестивалі (бұдан әрі – Фестиваль) қашықтан өткізілді.

Фестивальдің мақсаты: жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың шығармашылық әлеуетін ашу, қазақстандық қоғамның дәстүрлі мәдени, рухани және адамгершілік құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру үшін табысты жағдай жасау.

Фестиваль мақсаттары:

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту, өз халқының этномәдениетін зерделеу және дамыту қажеттілігі, белсенді шығармашылық қызметке тарту, оларда отансүйгіштік сезімдерін, ұлттық мәдениетке, халық дәстүрлеріне құрмет пен ұқыптылыққа тәрбиелеу және т.б.

Фестиваль номинациялары: 1) «Жүрек жылуы» вокалистер байқауы; 2) «Татулықтың тұтқасы – бірліктің бесігі» халық билері байқауы; 3) «Ризамын халыққа!» театрландырылған байқауы.

«Жүрек жылы» вокалистер (соло) байқауы келесі жас санаттарында өткізілді: бірінші жас санаты – 6-10 жас, екінші жас санаты – 11-14 жас, үшінші жас санаты – 15-17 жас. Бұл номинацияға 30 солист қатысып, 2 шығарманы орындады: біреуі қазақ тілінде, екіншісі қатысушының таңдауы бойынша. Орындалған 60 шығармалардың 28-і қазақ тілінде.

«Татулықтың тұтқасы – бірліктің бесігі» атты халық билері байқауында қатысушылар түрлі ұлттар мен этностардың билерін, әлем халықтарының стилі, техникасы, музыкасы бар билерін ортаға салды. Қатысушылар 2 би орындады.

«Ризамын халықыма!» театрландырылған қойылымдар байқауында 13 театрландырылған қойылым ұсынылды, оның ішінде 6 қазақ тілінде.

Фестиваль қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды. Сондай-ақ, номинациялар бойынша үздік қатысушылар да атап өтілді: «Көрермен таңдауы», «Сахналық шеберлігі үшін», «Ептілігі үшін», «Нәзіктігі үшін», «Жас орындаушы» «Ең жарық жұлдыз», «Өнерге құштарлығы үшін», «Шабытты орындаушы», «Үздік вокал», «Әртістілігі үшін», «Ең сүйкімді қатысушы», «Жас орындаушы», «Үздік әйел рөлі», «Үздік ер адам рөлі». Сондай-ақ, әр қатысушы сыйлық ретінде ақылды сағат алды. Жеңімпаздарға жүлделер жеткізу қызметі арқылы жіберілді.

Жеңімпаздардың дипломдары, жеңімпаздарды дайындаған ұстаздарға, қазылар алқасының мүшелеріне алғыс хаттар, қатысушыларға сертификаттар www.ziyatker.org сайтында орналастырылған.

III. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар арасында «Шекіз шығармашылық» республикалық қашықтық байқауы (бұдан әрі – Байқау) қашықтық форматта өткізілді.

Байқау бейнелеу іс-әрекетіне, сәндік-қолданбалы шығармашылыққа ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық әлеуетін анықтау және ынталандыру, сондай-ақ олардың шығармашылық қызметін ынталандыру және қолдау арқылы балалардың әлеуметтік бейімделуіне жәрдемдесу мақсатында өткізілді.

Байқауға ерекше білім беруді қажет ететін 3131 бала үш жас категориясы бойынша (кіші: 6-10 жас, орта: 11-14 жас; үлкен: 15-17 жас) төмендегі номинациялар бойынша қатысты:

- 1) «Қазақстан – менің алтын бесігім» – суреттер байқауы;
- 2) «Алтын қолдар» сәндік-қолданбалы өнер сайысы;
- 3) «Шексіз әлем – балалар көзімен» – поэзия сайысы. 217 өлеңнің қазақ тілінде – 129, орыс тілінде – 18 және ағылшын тілінде – 4 шығарма.

Байқау қорытындысы бойынша 1331 жеңімпаз анықталды:

1) «Шексіз әлем – балалар көзімен» - поэзия сайысы (110 жеңімпаз):

кіші жас тобы: 6-10 жас – 14 жеңімпаз;

орта жас тобы: 11-14 жас – 63 жеңімпаз;

үлкен жас тобы: 15-17 жас – 33 жеңімпаз;

2) «Қазақстан – менің алтын бесігім» - суреттер байқауы (523 жеңімпаз):

кіші жас тобы: 6-10 жас – 210 жеңімпаз;

орта жас тобы: 11-14 жас – 207 жеңімпаз;

үлкен жас тобы: 15-17 жас – 106 жеңімпаз;

3) «Алтын қолдар» - сәндік-қолданбалы өнер байқауы (698 жеңімпаз):

кіші жас тобы: 6-10 жас – 266 жеңімпаз;

орта жас тобы: 11-14 жас – 298 жеңімпаз;

үлкен жас тобы: 15-17 жас – 134 жеңімпаз.

Жоба материалдары www.ziyatker.org сайтында орналастырылды.

Мемлекеттік тапсырма шеңберіндегі республикалық іс-шаралар тізбесі

1) Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде оқитын жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауы

Фестиваль-байқаудың мақсаты: музыкалық дарынды оқушыларды, дарынды балалар ұжымдарын дамыту және қолдау, олардың шығармашылық белсенділігін ынталандыру, кәсіби бағдар беру.

660 қатысушы (жеңімпаздар – 8 музыкалық ұжым), 72 солист (қазақ және орыс халық аспаптары). Облыстық кезеңдерге 26 505-ке жуық оқушы қатысты.

2. «Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль-байқауы

Фестиваль-байқаудың мақсаты – студенттердің хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және одан әрі дамыту, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтармен таныстыру бойынша жүйелі және мақсатты іс-шараларды өткізу.

Фестиваль-байқауға қатысушылар «Халық биі және халықтық стильдендірілген би», «Заманауи би» номинациялары бойынша жаңа би стильдерін ұсынды. Фестиваль-байқауға қатысушылар саны – 153 адам, жеңімпаздар – 12 команда. Фестиваль-байқаудың аймақтық кезеңдеріне 53 278 оқушы қатысты.

3. «Алтын Қазына» көркем және сәндікқолданбалы балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауы

Мақсаты: білім алушылардың көркемдік, шығармашылық қабілеттерін, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және одан әрі дамыту, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға баулу жөніндегі жүйелі және мақсатты қызметті дамыту. Фестиваль-конкурсқа қатысушылар саны-136 адам, жеңімпаздар саны-21 жеңімпаз. Өңірлік кезеңдерге 53 278 адам қатысты.

4. «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумы

Форумның мақсаты: еңбек нарығында, Қазақстанның болашақ экономикасында сұранысқа ие және қажетті болашақ мамандықты табысты таңдау үшін білім алушылардың кәсіптерді зерделеуге шығармашылық көзқарасын жандандыру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық маңызы бар кәсіптік бағдар беру қызметіне тарту.

Қатысушылар саны-180 адам, жеңімпаздар саны-27 жеңімпаз. Фестиваль-конкурстың өңірлік кезеңдеріне 59 853 адам қатысты.

5. «Алау» әскери-спорттық ойынының республикалық финалы

Республикалық ойынның мақсаты: жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмыс мазмұнының сапасын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және тәрбиелеу.

Қатысушылар саны - 180 адам, жеңімпаздар саны - **21** жеңімпаз. Өңірлік кезеңдерге 40 014 адам қатысты.

6. «Табиғатты аяла» атты жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумы

Форумның мақсаты: қатысушыларды табиғатты қорғау іс-әрекетімен таныстыру, экологиялық мәдениетті және туған өлкесінің табиғатына экологиялық көзқарасты тәрбиелеу.

Қатысушылар саны – 180 адам, жеңімпаздар – 27 жеңімпаз. Облыстық кезеңдерге 35 501 оқушы қатысты.

7. Техникалық шығармашылық және өнертанқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысы Тараз қ.

Жарыстың мақсаты: Қазақстан Республикасындағы балалардың техникалық шығармашылығын дамыту, жеке тұлғаның бәсекелестік артықшылықтарын, шығармашылық құзыреттілігін, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Қатысушылар саны – 180 адам, жеңімпаздар – 48 адам. Облыстық кезеңдерге 14865 оқушы қатысты.

3-қосымша

Бюджеттен тыс іс-шаралар тізбесі

«Арман Инжиниринг» ЖШС тапсырысы бойынша балаларға қосымша білім беру бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың бейіні бойынша мұғалімдер мен мамандарға арналған «Бағдарламалау және робототехника негіздері» республикалық біліктілігін арттыру курсы.

Курстың мақсаты: балаларды робототехниканы бағдарламалауға, жобалауға және құрастыруға үйрету әдістемесі саласындағы педагогтар мен мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, оларға әдістемелік көмек көрсету. Қамтылу – 198 адам.

Курстан кейінгі қолдау шеңберіндегі вебинарлар тізбесі

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет бөлімі (16 вебинар, 379 қатысушы)

- 1) Қосымша білім беру ұйымын басқару «Мектепшілік басқару және мектепшілік менеджмент 12.01.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 5;
- 2) Білім беруді басқарудағы инновациялық тәсілдер мен технологиялар» 13.01.2023 ж., қатысушылар саны:24, спикерлер:8;
- 3) Қосымша білім беру ұйымдарында менеджмент пен басқаруды дамыту, 16.01.2023 ж., қатысушылар саны: 24, спикерлер: 7;
- 4) Бейнелеу өнеріндегі ART технологиялары және компьютерлік модельдеу, 20.01.2023 ж., қатысушылар саны:23, спикерлер:5;
- 5) Бейнелеу өнерінде инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану, 24.01.2023 ж., қатысушылар саны:22, спикерлер:6;
- 6) Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін компьютерлік модельдеу технологиясын қолдану, 02.02.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер:4;
- 7) Әскери-патриоттық тәрбие: мүмкіндіктері, болашағы, әдістемелік қамтамасыз ету, 10.02.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер:4;
- 8) Балаларға қосымша білім беру жүйесінде балалар қоғамдық бірлестігін ұйымдастырудың негіздері, 10.02.2023ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер:4;
- 9) Қосымша білім беру жағдайында балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дамуы, 10.02.2023 ж., қатысушылар саны: 25 , спикерлер:3;
- 10) Балалармен жұмыс істеуде білім беру STEM технологиясын қолдану, 10.02.2023 ж., қатысушылар саны: 21, спикерлер:4;
- 11) Оқу үрдісіндегі STEAM технологиясы, 10.02.2023 ж., қатысушылар саны: 23, спикерлер:4;
- 12) Сәндік қолданбалы өнерді оқыту технологиялары, 09.02.2023 ж., қатысушылар саны: 22, спикерлер:4;
- 13) Оқу-тәрбие процесінде қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, 14.03.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 3;
- 14) Білім беру ұйымдарындағы әскерипатриоттық клубтардың қызметі, қатысушылар саны: 24, спикерлер: 4;
- 15) Әскери-патриоттық клуб тұлғаның әлеуметтену факторы ретінде, 16.03.2023 ж., қатысушылар саны: 21, спикерлер: 4;
- 16) Жазғы сауықтыру науқанын ұйымдастыру және өткізу, 16.03.2023ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 4.

Туризм, экология және техника бөлімі (27 вебинар, 438 қатысушы)

- 1) «Музей педагогикасы-тұлғаның жалпы мәдени құзыреттілігін дамытатын инновациялық технология», 18.01.2023 ж., қатысушылар саны: 14, спикерлер: 3;

- 2) «Қосымша білім берудегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамыту», 27.01.2023 ж., 18.01.2023 ж., қатысушылар саны: 18, спикерлер: 4;
- 3) «Өлкетану және виртуалды экскурсиялар: дәстүрден иновацияға», 30.01.2023 ж., қатысушылар саны: 23, спикерлер: 4;
- 4) «Өлкетану және виртуалды экскурсиялар: дәстүрден иновацияға», 30.01.2023 ж., қатысушылар саны: 23, спикерлер: 4;
- 5) «Музей педагогикасы – тұлғаның жалпы мәдени құзыреттілігін дамытатын инновациялық технология иновацияға», 01.02.2023 ж., қатысушылар саны: 20, спикерлер: 6;
- 6) «Музей педагогикасы – тұлғаның жалпы мәдени құзыреттілігін дамытатын инновациялық технология иновацияға», 01.02.2023 ж., қатысушылар саны: 19, спикерлер: 4;
- 7) «Музей педагогикасы – тұлғаның жалпы мәдени құзыреттілігін дамытатын инновациялық технология иновацияға», 01.02.2023 ж., қатысушылар саны: 20, спикерлер: 4;
- 8) «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда арт-терапияны қолдану», 07.02.2023 ж., қатысушылар саны: 21, спикерлер: 3;
- 9) «Кескіндемеге оқытудың дәстүрлі және инновациялық технологиялары», 08.02.2023 ж., қатысушылар саны: 13, спикерлер: 3;
- 10) «Бейнелеу өнері сабақтарында сурет салудың дәстүрлі емес әдістерін қолдану технологиялары», 13.02.2023 ж., қатысушылар саны: 22, спикерлер: 7;
- 11) «Қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қашықтықтан оқыту», 14.02.2023 ж., қатысушылар саны: 15, спикерлер: 6;
- 12) «Қосымша білім беру ұйымдарындағы туризм және өлкетану бағытындағы жұмыстардың жүргізілуі», 21.02.2023 ж., қатысушылар саны: 18, спикерлер: 4;
- 13) «Балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану бағыты бойынша үйірме жұмысын мектепте ұйымдастыру», 22.02.2023 ж., қатысушылар саны: 18, спикерлер: 4;
- 14) «3D модельдеу және прототиптеу», 23.02.2023 ж., қатысушылар саны: 11, спикерлер: 2;
- 15) «Робототехника-бағдарламалау және инженерия негіздерін біріктіру», 24.02.2023 ж., қатысушылар саны: 10, спикерлер: 2;
- 16) «Балалар хореографиялық ұжымындағы қойылымдық жұмыстың ерекшеліктері», 28.02.2023 ж., қатысушылар саны: 11, спикерлер: 8;
- 17) «Дамыта оқыту технологиясын домбырашылар ансамблінің оқу ісінде қолдану тәсілдері» 28.02.2023ж., қатысушылар саны: 12, спикерлер: 6;
- 18) «Этносол-феджионы оқыту әдістемесі: жаңа тәсілдер мен шешімдер аны: 21, спикерлер: 3;

19) «Этносольфеджио курсында оқытудың интерактивті әдістерін қолдану. Кейс-стади әдісін қолдану», 02.03.2023 ж., қатысушылар саны: 21, спикерлер: 1;

20) «Ардуино, 3D басып шығару және жасанды интеллект балалардың техникалық шығармашылығын дамыту құралы ретінде», 02.03.2023ж., қатысушылар саны: 10, спикерлер: 1;

21) «Сольфеджио сабақтарында этносольфеджио және қазақ мелос элементтерін қолдану», 03.03.2023 ж., қатысушылар саны: 10, спикерлер: 3;

22) «Нетворкинг және краудфандинг платформаларын ұйымдастыру және қызмет көрсету», 09.03.2023 ж., қатысушылар саны: 12, спикерлер: 2;

23) «Стартап: жаңа бизнес-жобаны ашу», 10.03.2023 ж., қатысушылар саны: 10, спикерлер: 2;

24) «IT қосымша білім берудегі балалардың шығармашылығы мен ғылыми жобаларын кәсіпкерлік және коммерцияландыру», 13.03.2023 ж., қатысушылар саны: 12, спикерлер: 2;

25) «Балаларға экологиялық білім берудегі STEAM-технологиялары», 21.03.2023 ж., қатысушылар саны: 20, спикерлер: 4;

26) «Балаларға экологиялық білім берудегі STEAM-технологиялары», 29.03.2023 ж., қатысушылар саны: 19, спикерлер: 4;

27) «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қосымша білім беру арқылы оқыту мен тәрбиелеу», 31.03.2023 ж, қатысушылар саны: 15, спикерлер: 5.

Музыкалық, көркем-эстетикалық шығармашылық бөлімі (18 вебинар, 455 қатысушы)

1) «Фортепиано сабақтарында дамыта оқыту», 19.01.2023 ж., қатысушылар саны: 30 , спикерлер: 5

2) «Театр студияларында қолданылатын инновациялық технологиялар», 20.01.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 4

3) «Вокал сыныбындағы концертмейстердің жұмысы», 20.01.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 4

4) «Кіші вокалдық топтағы балалардың әншілік дағдыларын қалыптастыру және дамыту», 13.02.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 5

5) «Жанровое разнообразие постановок в театральной студии», 21.02.2023 г., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 6

6) «Театр студиясындағы қойылымдардың жанрлық әртүрлілігі», 21.02.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 5;

7) «Скрипка сыныбындағы штрихтармен жұмыс», 09.02.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 5

8) «Ұрмалы аспаптарда ойнауды үйрету әдістемесі» 03.03.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 2

9) «Үрмелі және ұрмалы аспаптар сыныбында заманауи технологияларды қолдану», 15.02.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 2

10) «Дәстүрлі ән жанрларының ерекшеліктері», 24.02.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 4

11) «Эстрадалық вокалды оқытудың заманауи әдістері мен тәсілдері», 03.03.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 4

12) «Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың музыкалық дамуы (фортепиано)» 04.03.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 5

13) «Музыкалық-теориялық пәндерді оқытудың заманауи технологиялары» 25.03.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 5

14) «Дәстүрлі халықтық ән айту, игеру технологиясы», 26.03.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 5

15) «Ұрмалы аспаптарда ойнауды үйрету әдістемесі», 27.03.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 5

16) «Театр үйірмесі: тәжірибе мен шеберлік» 14.04.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 4

17) «Оқытудың бастапқы кезеңінде скрипкада ойнаудың орындаушылық дағдыларын дамыту» 27.04.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 5

18) «Қосымша білім беретін оқушыларды оқытудағы IT-технологияның рөлі» 26.05.2023 ж., қатысушылар саны: 25, спикерлер: 4.

5-қосымша

Республикалық қашықтан байқаулары

1. «Туризм энциклопедиясы» республикалық жас туристер байқауы

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық және азаматтық сезімін тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау.

Байқауға 1893 оқушы қатысты (жеңімпаздар – 875): «Саяхат туралы арман» номинациясына – 829 жұмыс, «Ғажайып табиғат» номинациясына – 498 жұмыс, «Демалған турист» номинациясына – 89 жұмыс, «Туған жердің өшпес нұры» – 477 жұмыс.

2. «Ішекті тамшылар – 2023» республикалық гитара әні байқауы

Байқаудың мақсаты: музыкалық-поэтикалық мәдениеттің бірегей құбылысы ретінде балалар мен жасөспірімдер арасында авторлық және гитаралық әндерді сақтау және дамыту.

Байқау номинациялары:

- 1) гитара әндерін орындау (әр түрлі жанрдағы әндер);
- 2) бард және туристік әндерді орындау;
- 3) ансамбль (гитара сүйемелдеуімен вокалдық дуэт, трио, квартет және т.б.);

4) авторлық орындау (мәтінді баспа түрінде бере отырып, өз шығармасының әндерін орындау);

5) гитарада кез келген стильдегі 1 шығарма орындау: классикалық, саусақ стилі, фламенко және т.б.